

# Shet shugylyasy



Shet aýdandyq qoǵamdyq-sarasi gazetini Gazet 1937 jyldan bastap shyǵady beisenbi, 30 qańtar 2025 jyl №04 (11 149)

Аудан әкімдігінде

## ӨМІРШЕҢ МӘСЕЛЕЛЕРГЕ ҚАТЫСТЫ ТАПСЫРМАЛАР БЕРІЛДІ

Сейсенбі, 27 қаңтар күні аудан әкімі М.Мұхтаровтың төрағалығымен кеңейтілген аппарат отырысы өтіп, күн тәртібінде ауданның 2024 жылғы әлеуметтік-экономикалық даму қорытындылары, қысқы жылу беру маусымының өту барысы және ағымдағы жағдайлар: халықты көмірмен қамту, әлеуметтік маңызы бар азық-түлік бағалары мен бұқаралық ақпарат құралдарымен әлеуметтік желілерде жүргізіліп жатқан жұмыстар туралы сала басшыларының хабарламалары тыңдалды.

Отырыста аудандық экономика және қаржы бөлімінің басшысы М.Жонкина 2024 жылдың қаңтар-желтоқсан айларында аудан экономикасының нақты сектор саласында өндірілген өніммен қатар, негізгі капиталға құйылған инвестиция, ауылшаруашылығы, әлеуметтік сала және денсаулық сақтау, білім саласы бойынша, сондай-ақ,

тұрғын үй мен шағын және орта бизнестегі және аудандағы кримиогендік жағдай бойынша нақты әрі

көрсеткішіне кері әсер етіп отырғанын атап өтіп, соған байланысты талдау жасауды, басқа да өміршен



дәйекті цифрлар келтіре отырып, хабарлама жасады.

Отырысты қорытындылаған аудан әкімі өткен жылда қылмыстың өсуі, туу мен халық саны және миграция мәселелері аудан

мәселелерге қатысты нақты тапсырмалар берді.

Өз тілшімізден.

Президент тапсырмасын орындай отырып

## АУЫЛ, КЕНТ ӘКІМДЕРІНІҢ ЕСЕПТІК КЕЗДЕСУЛЕРІ ЖАЛҒАСУДА

Аудан әкімі М.Мұхтаровтың халықпен жылдағы дәстүрмен кездесуі бекітілген кестеге сәйкес Мойынты кенті мен Киікті, Босаға, Ортау, К.Мыңбаев атындағы, Ақшоқы, Талды, Нұраталды, Көктіңкөлі, Батық, Ақой ауылдық округтерінде жалғасты. Округ әкімдері тұрғындар алдында есепті баяндамаларын жасап, алдағы жоспарларымен бөлісті.

Ауыл, кент әкімдерінің есептік кездесулерінде ауыл тұрғындары тарапынан бірқатар мәселелер көтеріліп, тұрғындар тарапынан сауалдар қойылды.

Көтерілген мәселелерге қатысты аудан әкімі айтылған ұсыныс-пікірлердің өзінің жұмыс жоспарына алынып, шешімін табуына ықпал етіп, жеке бақылауында



болатынын жеткізді.

Ауыл, кент әкімдерінің есеп беру кездесулері әлі

де жалғасуда.

Өз тілшімізден.

## Құрметті “Шет шұғыласы” газетінің ұжымы!



Мемлекетіміз үшін мәртебелі мерекенің бірі - Ұлттық басылым күні құтты болсын!

Бұл ерекше күн еліміздің баспасөз саласының терең тарихын ұлықтап, ұлттық сананың қалыптасуы мен ел дамуына қосқан басылмалардың өлшеусіз үлесін дәріптейді. 1913 жылы жарық көрген «Қазақ» газетінің алғашқы саны қазақ баспасөзінің бастауында тұрып, халықтың оянуы мен бірлігіне айрықша ықпал етті. Баспасөз - елдің рухани тірегі, ақиқаттың жаршысы және қоғамның дамуына серпін беретін негізгі күш.

Сіздер ел игілігі үшін адал қызмет етіп, шынайы ақпарат таратудың, ұлғқа ортақ мәселелерді көтерудің жоғары үлгісін көрсетіп келесіздер. Әсіресе, жастардың көзқарасын қалыптастыруда, олардың білім мен ғылымға, ұлттық құндылыққа деген қызығушылығын арттыруда басылмалардың маңызы зор. Қоғам мен университет арасындағы байланысты бекемдеп, тың идеяларды насихаттауда сіздердің шығармашылық еңбектеріңіз ерекше рөл атқарады. Баспасөздің тарихи мұрасын сақтай отырып, заманауи талапқа сай бейімделу жолындағы қажырлы еңбектеріңіз үшін зор алғысымды білдіремін.

Сіздерге сарқылмас шабыт, тың идеялар және халықтың алғысы мен сеніміне толы табысты жылдар тілеймін!

Құрметпен,  
Нұрлан Орынбасарұлы ДУЛАТБЕКОВ,  
академик Е.А.Бөкетов атындағы Қарағанды университетінің Басқарма төрағасы - ректоры, Ұлттық ғылым академиясының академигі.

2 ақпан - Ұлттық басылым күні

## БАСПАСӨЗ - БАРШАҒА ОРТАҚ РУХАНИ ИГІЛІК

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың жарлығымен 2 ақпан - Ұлттық баспасөз күні болып белгіленіп, мерекелік күндер тізіміне енді. Бұл Баспасөз саласында еселі еңбек етіп, қалам тербеп жүрген барша әріптестеріміз үшін мәні зор күн. Себебі осыдан 112 жыл бұрын бастауында Ахмет Байтұрсынұлы, Әлихан Бөкейханов, Міржақып Дулатұлы секілді ұлт зиялылары тұрған «Қазақ» газетінің алғашқы нөмірі жарыққа шыққан күн. Ахмет Байтұрсынұлының «Газет - халықтың көзі һәм тілі» деп баға беруі бүгінде өзінің маңызын жоғалтқан жоқ.

90 жылға жуық тарихы бар біздің Шет аудандық «Shet Shugylyasy» газетінің алғашқы саны 1937 жылы жарық көрді. Содан бері Ұлт зиялылары бастап берген сара жолмен басылым күні бүгінге дейін заманымен, халқымен бірге етене қауышып келеді. 2012 жылдан бастап газет жауапкершілігі шектеулі серіктестігі болып, жекешеленді. Өйтсе де жекеменшік болғанымен өзінің негізгі бағыты мен мазмұнын, халық мүддесін көздеген бағытын өзгерткен жоқ. Бүгінде мемлекеттік тапсырысқа бөлінген қаржыны игеріп қана қоймай, нарық талабына сай түрлі баспа өнімдерімен қатар, баннер басып шығаратын көлемді принтер сатып алып, жұмыс жасаудамыз.

Газет 2020 жылға дейін

түрлі-түсті болып басылып келген болатын. Алайда пандемияның, одан кейінгі жылдардағы әлемдік экономикалық дағдарыс барлық саламен қатар, бізді де айналып өтпеді.

Осы жылдары аудан әкімі М.Мұхтаровтың аудандық газетке жанашырлық танытып, қолдау көрсетуінің арқасында қаржы тапшылығын сезінген жоқпыз, қалыпты жұмыс істеуімізге жол ашты.

Аудан әкімі биылғы жылда газетімізді беттерін түрлі-түсті етіп шығару жөнінде ұсыныс жасаған болатын. Әрине, ол үшін қаржылай көмек те көрсетіліп жатыр. Бұл біздің газетімізге деген үлкен демеу болмақ.

Материалдық базамыз жақсы. Жұмыс істеу үшін қажеттінің бәрі бар. Шағын ғана ұжымымызда 6 адам қызмет етеді.

Алдағы уақытта да үлкен жауапкершілікті сезіне отырып, елдің көңілінен шығатындай мазмұнды газет шығару - біздің басты мақсатымыз болып қала бермек.

Баспасөз саласында еселі еңбек етіп, қалам тербеп жүрген барша әріптестерімді Ұлттық баспасөз күнімен құттықтаймын!

Мейрам ДӘУЛЕТБЕКҰЛЫ,  
аудандық «Shet Shugylyasy» газетінің директор-редакторы.

Қазақстан Журналистер одағының мүшесі, «Ақпарат саласының үздігі».

Таныс болыңыз!

## ШЕТ АУДАНДЫҚ СОТЫНА ЖАҢА ТӨРАҒА ТАҒАЙЫНДАЛДЫ



Сакенов Серік Төлегенұлы Қазақстан Республикасы Президентінің 2025 жылдың 23 қаңтарындағы №768 Жарлығымен Қарағанды облысы, Шет аудандық сотының төрағасы қызметіне тағайындалды.

1982 жылы 24 шілдеде Қарағанды облысы, Шет ауданы Ақсу-Аюлы ауылында туған. Отбасылы, 4 баласы бар.

1999-2013 жылдары Қарағанды қаласы «Экономика және құқықтық» колледжін, 2010 жылы Қарағанды «Болашақ» университетіне түсіп, 2013 жылы «заңгер» мамандығы құқықтық бакалавр квалификациясын алып, аяқтаған.

Еңбек жолын 1999-2001 жылдары Шет аудандық сотында құрылған жұмыстан бастайды. 2002 жылдың наурыз айынан 2002 жылдың шілде айына дейін Шет аудандық сотының сот орындаушысы міндетін атқарушы, 2002-2004 жылдары Шет аудандық сотының сот орындаушысы қызметін атқарған. 2004 жылдың қазан айынан бастап 2010 жылдың қазан айына дейін Шет аудандық сотының аға сот орындаушысы, 2010 жылдың қазан айынан 2014 жылдың қараша айына дейін Шет ауданы аумақтық сот орындаушылар бөлімінің басшысы, 2014-2016 жылдары Қарағанды облысы жеке сот орындаушылар палатасында қызмет етті.

2016-2018 жылдары Қарағанды облысы, Ақтоғай аудандық сотында судья, 2018 жылдың қаңтар айынан 2020 жылдың сәуір айына дейін Жезқазған қалалық сотында судья, 2020 жылдан 2025 жылдың 22 қаңтар айына дейін Қарағанды облысы, Шет аудандық №2 сотында төраға қызметін атқарды.

Шет аудандық сотының баспасөз қызметі.

Мемлекеттік қызмет - абыройлы міндет!

## ӘДЕП ЖӨНІНДЕГІ КЕҢЕС ҚЫЗМЕТІ

Бүгінгі күні кез-келген жағдайда тиісті тәсілдер мен айрықша шешімдер табуға қабілетті, ерекше ойлайтын жаңа форматтағы мемлекеттік қызметшілерді қалыптастыру қазіргі заманғы мемлекеттік қызметтің басты талаптарының бірі.

Мемлекеттік қызметшілер билік пен халық арасын байланыстыратын алтын көпір. Сондықтан олардың кәсіби біліктілігімен қатар, мінез-құлқы, жүріс-тұрысы өзгелерге үлгі болуы тиіс.

Мемлекеттік қызметшінің бойында жоғары моральдық жауапкершілік, кәсіби білім, әділдік, адалдық сияқты қасиеттер болуы тиіс. Сол себепті, осы бағытта жұмыс істеу - бүгінгі күннің талабы. Ал, бұл бағыттағы жұмыстарды іске асыру және қалағандай Әдеп жөніндегі кеңестің алатын орны ерекше. Себебі, Кеңес мемлекеттік қызметшілердің қызметтік әдеп нормаларын бұзушылықтарын алдын алу, мемлекеттік қызметке кір келтіретін тәртіптік теріс қылықтарын қарауды жүзеге асырады.

Сонымен қатар, Кеңес мүшелері отырыстарында әдеп жөніндегі уәкілдер қызметінің нәтижелерін қарау, тәртіптік комиссиялар жұмысын үйлестіру және өзге де лауазымды адамдардың есептерін тыңдауды жүргізеді.

Жылдан жылға тәртіптік істердің саны және қаралатын профилактикалық сұрақтар үлесінің өсу динамикасы байқалады.

Айтылғанның айғағы - Әдеп жөніндегі кеңес отырыстарында

қарастырылатын тәртіптік істердің азаюы. Мәселен, 2024 жылы Әдеп жөніндегі кеңестің 9 отырысында 48 мәселе қарастырылса, оның ішінде тек 19% не 9 тәртіптік істер, яғни қаралған мәселелердің профилактикалық үлесі 81% құрап отыр.

Бүгінгі таңда Әдеп жөніндегі кеңес мүшелері мемлекеттік қызметшілердің әдептілік деңгейін көтеруге бағытталған шаралар қабылдап, белсенді жұмыс жасауда.

Бұл мақсатта, Әдеп жөніндегі кеңес мүшелері тек отырыстарға қатысып қана қоймай, мемлекеттік органдар арасында, оның ішінде аудан және ауылдық округтерге барып, мемлекеттік қызметшілермен кездесіп, түсіндірме жұмыстарын өткізеді, азаматтарды жеке қабылдау жүргізеді.

Бұндай шаралар мемлекеттік қызметшілер тарапынан тәртіптік теріс қылықтарды жасаудың алдын алуына, мемлекеттік қызметтің беделін арттыруға, халыққа жақын, әр істе әділ болуға септігін тигізетіні сөзсіз.

Бағдары айқын, қызметі елеулі Әдеп жөніндегі кеңес институты халықтың сенімін ақтауға өз күшін сала бермек.

**Р.ТАНИШПЕКОВ,**  
«Аманат» партиясы Қарағанды облыстық филиалының Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі кеңес төрағасының орынбасары, Әдеп жөніндегі кеңестің мүшесі.

Жыл қорытындысы

## АУЫЛ АЖАРЫ АРТЫП КЕЛЕДІ

Шет ауылдық округіне Үңірек Құттыбай, Қармыс Тұмсық елді мекендері кіреді. Жалпы округ бойынша халық саны 712 адам. Шаруа қожалықтары 95, жеке кәсіпкерлер 22.

Биылғы жылы жарияланған «Таза Қазақстан» экологиялық акциясы асында елді мекендерде облыстық, аудандық сенбіліктер өз мәнінде өткізіліп, бүгінгі күнге дейін елді мекендерде тазалық жұмыстары жалғасуда. Жылдағы жоспарға сәйкес қыстан шыққан күл қоқыстар сыртқа шығарылды. Әлі де болса бұрынғы иесіз жатқан елді мекендерде күл қоқыстар бар. Жылда ауыл тұрғындары аз аздап шығарып тастап жатыр.

2024 жылы Қармыс ауылының орталық көшесі «Қойсана» мазарына дейінгі 700 метр жолға ағымдағы жөндеу жұмыстары жүргізілді. Конкурс арқылы С.Сейфуллин кентіндегі «Бірлік» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі ұтып алып, асфальт төселді. Аудандық бюджеттен бөлінген қаражат 45 млн.теңге.

Көктемгі тасқын су кезінде округқа қарасты Тұмсық елді мекеннің кіре беріс көтерме жолын су шайып кеткен болатын. Соған байланысты күз айында бюджеттен 1 млн. 700 мың теңге қаражат қарастырылып, 800 куб топырақ тас төселіп,



жол тегістелді. Сонымен қатар, «Ер Сазанбай» батыр ескерткішінің аумағын абаттандыруға 700 мың теңге баға ұсыныстарын сұрату арқылы «СЕРІКБАЕВА З.Е.» ЖШС-і ұтып алып, аталған аумаққа абаттандыру жұмыстары жүргізілді.

Елді мекендерде жол қауіпсіздігінің алдын алуға байланысты аудандық бюджеттен 373500 мың теңге бөлініп, Шет Жалпы білім беретін мектебінің жанында орналасқан жолдарға 10 жол белгілері орнатылды.

Жаз айларында тілсіз жау өрт шаруаларды, ауыл тұрғындарын қатты алаңдатады. Соған байланысты округ өкімі аппаратына аудандық бюджеттен 3 млн. теңге бөлініп, өрт



**Бектас Мұхамбетбекұлы ТАНАТБАЙ,**  
Шет ауылдық округінің өкімі

сөндіргіш құрал сатып алынды.

Криминогендік жағдай округ бойынша қалыпты. Учаскелік полиция инспекторымен бірлесіп, тиісті жұмыстар жүргізіліп отырады.

Қазіргі жағдайда өте өзекті болып тұрған интернет алаяқтық белең алып бара жатыр. Сол себепті тұрғындар арасында, ватсап топтарында бейне-материалдар мен парақшалар

9 мамыр Женіс күні, 31 мамыр Қуғын-сүргін құрбандарын еске алу, 1 маусым - Халықаралық балаларды қорғау күні мерекелері мен атаулы даталар өз мәнінде өткізіліп отырады.

Мал бағымы мәселесі шешімін тапқан. Сәуір айында елді мекен тұрғындарымен мал бағымы бойынша 5-6 мәрте кездесу өткізілді. Тұрғындар және шаруа қожалықтарына мал бағу және жер пайдалану тәртіптері түсіндірілді. Үш елді мекенде мал бастары кезек бойынша бағылады. Ал, Үңірек ауылында ірі қара мен ұсақ мал бастары кезекпен бағылса, жылқы малын жылқышылар бағады. Өкімдікпен келісім-шарт бекітілген. Сонымен қатар, учаскелік полиция инспекторымен бірлесіп, малдарын жеке бағып отырған шаруа қожалықтарымен жұмыс жүргізіліп, қосымша ескертулер таратылып, күре жолдың бойына шығып кеткен мал иелеріне заңға сәйкес айыппұл салынды.

Үңірек ауылында қазіргі уақытта екі дүкен ауыл тұрғындарына қызмет көрсетіп отыр. Аптасына екі рет баға бойынша мониторинг жүргізіліп, тиісті мекемелерге жіберіліп отырады.

Салық базасын нығайту бойынша 2024 жылға жоспар белгіленіп, көлік салығын төлемеген тұрғындармен жұмыстар жүргізіліп жатыр.

Биыл, яғни, 2025 жылы Үңірек ауылының екі көшесіне «Ауыл Ел бесігі» бағдарламасы бойынша 2 шақырым жолға жөндеу жүргізілетін болады.

Қазіргі уақытта өзекті болып тұрған тағы бір мәселе, ауылдың медпунктіне жөндеу жұмыстарын жүргізу, жанадан медпункт салу, Қармыс елді мекенінде байланыс орнату сияқты жұмыстарды атқару жоспарда бар.

Саулау - 2025

## Шет ауданының Ортау ауылдық округі өкіміне тіркелген кандидаттар туралы ХАБАРЛАМА

Шет ауданының аумақтық сайлау комиссиясы «Қазақстан Республикасындағы сайлау туралы» Қазақстан Республикасы Конституциялық заңының 113-1-бабына сәйкес 2025 жылдың 23 ақпанына тағайындалған Шет ауданының Ортау ауылдық округі өкіміне келесі кандидаттардың тіркелгендігін хабарлайды:

- Дүйсембаев Медет Болатұлы - 1987 жылы туған, Ортау ауылдық округі өкімі аппаратының бас маманы, Шет ауданы Ортау ауылының тұрғыны, «Аманат» партиясының ұсынуымен;

- Елеусізова Аққыз Кеңесқызы - 1981 жылы туған, Көктіңкөлі ауылдық округі өкімі аппаратының бас маманы, Шет ауданы Көктіңкөлі

ауылының тұрғыны, өзін-өзі ұсынуден;

- Изатбеков Сұңғат Ерланұлы - 1994 жылы туған, Ақсу-Аюлы ауылдық округі өкімі аппаратының бас маманы, Шет ауданының Ақсу-Аюлы ауылының тұрғыны, өзін-өзі ұсынуден.

Шет ауданының аумақтық сайлау комиссиясы.

Бабалар есімі ұрпақ жадында

## ӨЗ ЗАМАНЫНЫҢ КӨРНЕКТІ ТҰЛҒАСЫ

Қазақ халқының тарихында есімі алтын әріппен жазылған ел тағдырына қатысты келелі істерге, ел арасындағы билікке араласып, әділдігімен, шешендігімен, ел бірлігін, тұтастығын ту еткен тарихи тұлғалар аз емес. Солардың бірі есімі ру атауына айналған Қарамеде би Төлемісұлы.

Жуырда аудан орталығындағы «Қазығұрт» мейрамханасында тарихи тұлға Қарамеде би жайында жазылған тарихи-танымдық кітаптың тұсаукесері болып өтті.

Қаракесек Қояншы-Дәулет-Танай Қарамеде би өз заманының ірі тұлғасы, қайраткер, шешен, халық атынан би деген дәрежеге ие болған. XVII ғасырдың екінші жартысы мен XVIII ғасырдың бірінші жартысында өмір сүрген.

Тарихи-танымдық кітапта Қарамеде Төлемісұлының өмірі мен сол замандағы дәуірдің келбеті мен тарихи оқиғалар ұштастырыла жазылған.

Тарихи деректерге сүйенсек, қазақ-қытай қақтығысынан кейін Абылай хан Цин патшалығы-

на жіберген алғашқы елшілері арқылы қазақ-қытай арасында тікелей сауда-экономикалық байланысын қалып-тастырғаны белгілі. Бұл жөнінде



Қабдеш Жұмаділовтің «Дарабоз» атты тарихи романында алғашқы елшілердің барғаны туралы деректер бар. Сондай-ақ, қарағандылық белгілі жазушы, әрі зерттеуші Мұхамедқали Баймұханов өзінің «Абылай заманы» атты тарихи-танымдық еңбегінде Қытай императорының Абылайға жазған хатын келтірген. Онда император

«Қадірлі, Абылай! Сізге алтын жазумен жазылған ван атағы берілген арнайы қағазды кейінірек біздің елшілер апарды, ал, сіздің мына төмендегі батырларға «тархан» жоғары атағын беру туралы сіздің біз мәлім қылған өтінішіңізді үлкен ыждаһатпен орындағанымызға қуанамыз»

деп жазған.

Император айтқан бұл тізімде Жәнібек Шақшақұлы, Қабанбай, Бөгенбай, Сеңкібай, Жидебай, Олжабай, Жасыбай, Райымбек, Наурызбай, Есет батырлармен бірге Қаракесек Қарамеде бидің де есімі жазылған. Осы бізге жеткен деректер арқылы Қарамеде бидің мемлекеттік маңызы бар мәселелерге

араласып, ел бірлігі үшін аянбай еңбек еткен тұлға екенін байқауға болады.

Қарамеде би төсек тартып жатқанда көңілін сұрай келген ағайындарына: - көңілімнің қалауы үшін емес, ақылмның талабы үшін, егер ұстазым Әнет баба жатқан жерден топырақ бұйырса армансыз, мұнсыз болар едім, - деген екен.

Биді өзінің аманаты бойынша билер кеңесінің шешімімен Әзірет Сұлтанға апарып жерлеген. Қасиетті жерге арнайы рұқсатпен ғана жерленетінін көпшілік жақсы біледі.

«Текіден текті туады, тектілік тұқым қуады» демекші, Қарамеде бидің тікелей ұрпақтарынан тарихта аттары елге белгілі билер Ақжігітұлы Қарпықбай, Құйқаұлы Соқыр, Соқыр ұлы Сатқанғұл, Бодықұлы Нарымбек, Байтілесұлы Ақтентек сері, Қармысұлы Төрежан, Тұрсынбекұлы Жақсыбекті, елімізге танымал азаматтар, атап айтсақ, экономика ғылымдарының докторы, академик Яхия Әубәкіров, Білім министрі болған, бүгінде мәжіліс депутаты Асхат Аймағанбетов, бұрынғы Целиноград облысының ҰҚК бастығы болған Ахмедиев Исақ, алғашқы техника ғылымының докторы Бәкіров Жетпіс-

бай, иллюзионист, сиқыршы Өкпін Ыбырай, пианист, концертмейстер, Қазақстанның халық әртісі, профессор, кезінде Қазақ Ұлттық консерваториясының ректоры болған Жәния Әубәкірова, сонымен қатар, қазақ күресінен Қазақстанның 17-дүркін чемпиондары Қыдырбай Әбішев, Самал Айнаатаевты атап өтсек болады. Бұдан бөлек ауданымызда кезінде басшылық қызмет атқарған және бүгінде басшылық қызметтерде жүрген азаматтар бар. Тереңнен тамыр тартқан тектілік деп осыны айт.

Кітаптың тұсаукесеріне белгілі ғалымдар, алыс-жақыннан келген ағайындар, ауыл ақсақалдары қатысты.

Тарихи танымдық кітаптың авторы, әрі ғылыми зерттеу жүргізіп дайындаған белгілі ғалым, жерлесіміз филология ғылымдарының докторы, профессор Мұхамедғали Ілиясұлы Әбдуов. Кітап тарих пен әдебиет саласындағы зерттеушілерге және жалпы көпшілік оқырман қауымға арналған.

Кітаптың тұсаукесері жасалған соң, құран оқылып, ас берілді.

**М.ДӘУЛЕТБЕКҰЛЫ.**

Дәулескер күйші Қыздарбек Төребайұлының туғанына - 175 жыл

## ШЕРТПЕ КҮЙДІҢ ШЕБЕРІ, ДАРАБОЗ КҮЙШІ

Қазақтың күй өнері XVIII ғасырдың соңында жоғары деңгейге көтерілді. Бұл кезде Байжұма, Баламайсан, Есжан, Байжігіт, Ұзақ, Боғда, Махамбет сияқты күйшілердің атағы халыққа кеңінен мәлім болды. XIX ғасырда ежелгі күйшілік өнердің одан әрі дамуына Құрманғазы, Дәулеткерей, Тәттімбет, Тоқа, Абыл, Есір, Ықылас, Байсерке, Қазанғап, Сейтек, Дина, Сүгір сияқты күйшілік өнердегі ірі тұлғалар елеулі үлес қосты.

Арқаның күй мектебі өзге мектептерден шертпе күйдің негізін қалаумен ерекшеленеді. Солардың бірегейлері Шет өңіріндегі күйшілік мектептің қалыптасуына аса зор үлес қосты. Атап айтсақ, Қыздарбек Төребайұлы, Әбди Рысбекұлы, Сембек Айдосұлы, Әбікен Хасенұлы, Бегімсал Орынбеков, Самат Мұсабеков, Дәулетбек Садуақасұлы, Орал Исатайұлы, Зәрубай Сүйіндікұлы, Қайролла Дәулетбекұлы, Аманкелді Хасенов және т.б.

Қазақтың күйшілік мектебі аса бай көркемдік тереңдігімен ерекшеленіп рухани мәдениеттің құнды қазынасы ретінде ұрпақтан ұрпаққа жалғаса бермек.

Арқа өңірінде қалыптасқан күйшілік мектептің дарынды өкілдерінің бірі Қыздарбек Төребайұлы 1850 жылы Қарағанды облысының Шет аудан-

дында дүниеге келген. Күйшінің шыққан тегі Орта жүз Арғын ішіндегі Қаракесек Кәрсен руы. Қыздарбек Төребайұлы өзінен бұрынғы және өзімен замандас күйшілердің күйлерін толық игеріп, отыздан асқанша шеберлігін шындап, өз жағынан

Тәттімбеттен жалғасқан «Қосбасарлардың» да Қыздарбек күйші де бірнеше түрі болған.

Тәттімбеттерден бастау алған тамыры терең Арқа өңірінде шертпе күй шеберінің бірі Қыздарбек күйші екені мәлім. Сонымен қатар, Қыздарбек

күйдің шебері, дарабоз күйші Қыздарбек күйші» атты кеш өтті.

Халықтың болмысын, тарихын, рухын қасиетті домбыраның үнімен жеткізген күйшілер артына өшпес із қалдырғаны белгілі. Осы күй кешінде Қыздарбектің күйлерін кеңінен насихаттап, халық жадында сақталып қалуына бірден-бір атсалысып жүрген, шертпе күй шебері, Шет ауданының

Құрметті ардагері, өнер және тіл жанашыры Е.Жәнібеков Қыздарбек Төребайұлының өмірі мен шығармашылығына кеңінен тоқталып, жас ұрпаққа күй өлкесінде үлкен тағылымды насихатын айта отырып, сонынан күй орындап кештің шымылдығын ашып берді. Сонымен қатар күй кешінде өнер мектебінің ардагер ұстазы, шертпе күй шебері Қ.Мұстафин, дәстүрлі өнші, шертпе күй шебері Е.Ахметов, ауданымыздың өнер мектебінің ұстазы, күйші А.Асылбеков шара барысында шертпе күйдің тари-

хы мен күйшілердің өмірі туралы, оның ішінде Қыздарбек күйшінің күйлері жайында тұщымды өңгімелер өрбітіп, күйлерін орындап берді.

Осы кешке Мәдениет қайраткері, аудандық Аналар кеңесінің төрайымы Ахметова Гүлшара Қамиқызы, Қазақстан

Журналистер одағының мүшесі, ҚР Ақпарат саласының үздігі «Шет шұғыласы» газетінің редакторы М.Садуақасов сөз сөйлеп, тағылымды кешті ұйымдастырған музей ұжымына алғыстарын білдірді.

Сондай-ақ, кеш қонақтары ауданымыздың Ы.Алтынсарин атындағы мектебінде 40 жыл бойына ұстаздық еңбек еткен, құрметті ұстаздарымыз Шолпан Құтжанова, Манап Әбдірахманова және Ы.Алтынсарин мектебінің 9 сынып оқушылары тағылымды да мәнді кештің куәгері болды.

Сонымен қатар, кеште дәстүрлі өнші Е.Ахметов ақын, композитор, күйші З.Сүйіндікұлының «Туған жер» атты өлінін шашу шашып, кештің ажарын аша түсті. Күйді қас-терлейтін көрермендер «Шет өңірі - шертпе күйдің отаны» атты слайд пен Қыздарбек Төребайұлына арналған көрмені тамашалап, алған әсерлерімен бөлісіп, музей қызметкерлеріне алғыс айтты.

Шара соңында музей басшысы С.Қамытбаева шертпе күй шеберлеріне зор алғысын білдіріп, алғыс хатпен марапаттап, ізгі тілегін айтып, қонақ болып келген көрермендерге ризашылығын білдіріп, естелікке суретке түсті.

**Әлия КОКИНА,**  
музей қызметкері,  
экскурсия жетекшісі.



да көптеген күйлер шығарып, ел арасына танымал күйші болып қалыптасқан. Арқаға аты шыққан Әбди, Сембек, Ақмолда, Мақаштар Қыздарбектің маңында жүріп, шәкірті болған. Күйшінің соңғы шәкірттері Әбікен Хасенов, Бегімсал, Рысқұлбек, Әбдіғали, Ілияс.

күйші Тәттімбеттің күйлерін ең жетік білген, кемеліне келтіріп, бояуын қанық қылып жеткізе білген күйшінің бірі.

Жуырда дәулескер күйші Қыздарбек Төребайұлының 175 жылдық мерейтойына орай Шет аудандық археологиялық-этнографиялық музейінде «Шертпе

Дерек пен дәйек

## АҚАДЫР ТАРИХЫ ЖӘНЕ ҚАШАН ҚҰРЫЛҒАН?

Арқаның атырабынан бой көтерген Ақадыр кентінің тарихы өткен ғасырдың 30-шы жылдарынан бастау алады. Бірақ оның құрылған жылы екі жылға кеміп, 2007 жылдан бері 70, 75, 80, 85 жылдықтары аталып келді. Өткенді саралап қарасақ әрбір қала, кент, ауылдың бастауы елді мекен болып тұрғаннан бастап саналатыны бәрмізге белгілі. Осындай бағытта кентіміздің жан-жағындағы кент, ауылдары мерейтойларын ұйымдастырып келеді.

Ал енді, осы айтып отырғанымызды деректермен дәлелдеп көрейін.



«Қазақстан темір жолы» Ұлттық Компаниясы» акционерлік қоғамының Қарағанды жол бөлімшесі мұрағатынан алған деректер бойынша 1935 жылдың басында КСРО Халық Комиссариаты және БКП(б) ОК «Қазақ КСР шаруашылығын дамыту жөніндегі кейбір мәселер туралы» қаулы қабылдайды. Онда Жол Қатынастары Халық Комиссариатына (ЖҚХК) 1935 жылдың соңына қарай ұзындығы 488 км құрайтын Қарағанды - Балқаш темір жолын пайдалануға беруге міндеттейді. Бұл жолдың Балқаш маңындағы мыс-кен орындарын өңдейтін Қоңырат мыс - балқыту комбинатының қалыпты жұмыс жасауына маңызы бар болатын. Одақтың басқарушы органдарының бұл шешімі ЖҚХК-ның жаңа темір жолын салуға назарын күшейтті. Осы қаулыны іске асыру бойынша қабылданған арнайы құжаттардың бірінде «Ақадыр станциясында паровоз депосын салу туралы» 1935 жылғы 22 мамырдағы Халық Комиссариатының № 124 бұйрығы мұрындық болған.

Паровоз депосының құрылысы жылдың ортасында басталды. Іс-шаралар негізінде 1935 жылдың соңына дейін негізгі жұмыстарды, 1936 жылдың 1 қыркүйегіне дейін паровоздарды жуу екі цехын салу, ал 1937 жылдың аяғына дейін көтеру цехы мен қазандықтың құрылысын аяқтау жоспарланған.

Ақадыр паровоз депосы 1940 жылға дейін Омбы темір жолының құрамында болды. 1940 жылғы 19 қазанда жаңадан Қарағанды темір жолы ұйымдастырылып соның құрамына кіреді.

1935 жылдан бастап теміржол құрылысында паровоз машинисі болып жұмыс істеген Ақадыр депосының ардагері, паровоз машинисі Ильченко Иван Макарович «Гудок» газетіне берген сұхбатында:

- Локомотив депосында қамыс төсеніштерден жасалған шағын шеберханалар болды. Сол себептен жергілікті халық өзілдеп оны «қамыс депо» деп атайтын. Маңайында паровоздарға көмір

(Журналистік зерттеу)

артуға арналған кран жұмыс істеп тұрса, Талды-Еспе өзенінде паровоздарға уақытша су құю бекеті салынды. Жақын тұста алғашқы депольіктар тұратын вагондар болды» деген екен.

Осы деректерге сүйенсек, біз Ақадыр станциясында 1935 жылы теміржол мекемелерінің жұмыс жасағанын байқаймыз. Демек, ол уақытта Ақадыр станция мәртебесіне ие болғанын, елді мекен ретінде қалыптасқанын көріп отырмыз.

2005 жылдың бас кезінде елді мекеннің тұрғындарынан

екіншісі 1949-1958 жылдарды (51 том), үшіншісі 1969-1978 жылдарды (30 том) қамтыған.

Ақадыр туралы жазба үшінші шығарылымда Агаков Леонид Яковлевичтің жетекшілігімен (под редакцией) басылған.

Теміржол торабының алғашқы еңбеккерлері туралы «Ақадыр - алтын бекет Арқадағы» атты кітабында: «Қажының бір баласы Қален Төгіевтің есімі елді мекен тарихына еңбек тарланы ретінде алтын әріптермен жазылған. 1904 жылы Шет ауданындағы №3 ауылда дүниеге келіп, Қарқаралыдағы төрт кластық орыс-қазақ мектебін бітірген. 1930 жылдардың басында Қарағанды шахталарында қара жұмыс істеп, одан кейін Түркістан-Сібір темір жолын салуға белсене қатысқан.

1935 жылы Шу және Үлкен Михайловкада кондуктор болып жүрген жерінен Ақадырға ауысып келеді. Қален аға 1964 жылы зейнеткерлікке шыққанға дейін Ақадыр станциясында вагон қадағалаушысы болып қызмет еткен. Еңбек ардагері, бірнеше медальдардың иегері» деп жазылған. Кітаптың авторы ардагердің 1935 жылы Ақадырға жұмысқа ауысып келгенін айтып отыр. Мұнымыз сол уақытта станция көлемінде жұмыс



жасап жатқан мекемелердің болғанын меңзейді. Кітапты жазған Әбділин Қайрат, «Қазақпарат» баспа корпорациясынан 2007 жылы шыққан.

Қолдағы бар тағы бір тарихи анықтама бойынша Ақадыр станциясында 1940 жылы Қарағанды теміржол бөлімшесінің бастығы В.Дидиктің бұйрығымен Ақадыр теміржол бөлімшесі (НОД-4) құрылады. Оның құрамына Қарағанды-Новая станциясынан бастап Балқаш станциясының аралығындағы учаскелер, околоткалар, разъездер мен станциялар кірген. 1955 жылы ұлғайту (укрупнение) шаралары өткізілгеннен кейін Ақадыр НОД-4 мекемесі жабылып, Қарағанды теміржол бөлімшесінің құрамына кіреді.

КСРО Жоғарғы Кеңесінің Президиумының шешімімен Ақадырға 1941 жылы жұмысшы кенті, 1983 жылы қалалық типтес кент мәртебелері беріледі.

Әкімшілік-аумақтық бағыныштығы бойынша Ақадыр құрылғанынан бастап 1947 жылға дейін Жаңаарқа ауданына, 1963 жылға дейін Шет ауданына, 1964 жылға дейін Ақшатау өндірістік ауданына, 1973 жылға дейін Шет ауданына, 1997 жылға дейін өзі аттас Ақадыр ауданына қарады. Қазіргі уақытта кентіміз Шет ауданының құрамында.

Жоғарыда атап өткенімдей, 1973 жылы наурызда КСРО Жоғарғы Кеңесі Президиумының Жарлығымен жаңа Жезқазған

облысының құрылуына байланысты Ақадыр кенті жаңадан құрылған өзімен аттас ауданының аудан орталығына айналды. Аудан құрамына Ақадыр, Ақшатау, Ақжал, Мойынты, Жоғарғы Қайрақты, Төменгі Қайрақты, Жамбыл кенттері, Ақшағыл, Киік, Босаға, Ақсарылы, Ақшатау, Қарабұлақ, Тағылы, Өспен Көктіңкөлі, Ортау, Қызылтау ауылдары кірді. Аудан бойынша халық саны 47 мың адамды, аудан орталығы - Ақадыр кентінде 13 мың адамды құрады. 1997 жылы онтайландыру шаралары жүргізіліп, облыс та, аудан да жабылды.

1954 жылдан бастап кентте 21-ші Ақадыр геологиялық-барлау экспедициясы жұмыс істеді. Ол бүкіл Орталық Қазақстан бойынша жер қойнауына барлауды жүргізді. Экспедицияның геологтары Қатпар вольфрамды, Көктіңкөлі молибденді полиметалл және түсті металдардың көптеген кен орындарын ашты. Көмір өндіру саласында - Қарағанды бассейні, Шұбаркөл қимасы (разрез), мыс кеніші - Жезқазған, Балқаш, Саяқ, Нұрқазған; сирек кездесетін кен орындары - Ақшатау, Жамбыл; темір рудалы - Қаражал, Қытай; полиметаллды - Ұзынжал және басқалар. Кәсіпорынның өз балансында және қамқорлығында дүкендер желісі, асхана, клуб, балабақша, жұмысшылар жатақханасы, өз қызметкерлері мен жұмысшыларына арналған тұрғын үй кешені болды. Кеңес

Бүгінде 12 мыңға жуық халық тұратын Ақадыр кенті ауданымыздағы ең ірі елді мекен. Кент аймағынан өтетін «Атасу-Алашанькоу» мұнай құбырының № 8 мұнайайдағыш станциясы, электр қуатын Екібастұздан еліміздің оңтүстігіне жалғайтын, ұлғайып қайта жаңғырудан өткен ПС-500 квт станциясы, «КазСоляр 50» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің иелігіндегі күннен қуат алатын кешені, мал өнімдерін шығарумен айналысатын 60-тан астам шаруа қожалықтары, жылдан жылға дамып келе жатқан орта және шағын бизнес жүйесі кент тұрғындарының жұмыспен қамтылуына оң жағдай туғызуда.

Аудан орталығы мәртебесінен айрылып ұмытыла бастаған кент бұл күндері қайтадан жаңғыруда. Оған үлкен себеп болған - 2010 жылы сол кездегі Қарағанды облысының әкімі Ахметов Серік Ахметұлының бастамасымен қабылданған Ақадыр кентінің 2010-2013 жылдарға арналған әлеуметтік-экономикалық дамуының кешенді жоспары. Облыс бойынша пилоттық жобаға республика, облыс және аудан бюджеттерінен екі миллиардқа жуық қаражат қарастырылды.

Кешенді жоспар аясында 2011-2013 жылдар аралығында кент бойынша біршама жұмыстар атқарылды. Ең алдымен иесіз қалған көпқабатты үйлер қалпына келтіріліп, кезекте тұрған кент тұрғындарына берілді. Сонымен қатар, білім ошақтары - мектептерге, ауруханаға, Мәдениет үйіне, кітапханаға, балалар және жасөспірімдер спорт мектебіне, стадионға жөндеу жұмыстары жүргізілді. Елді мекеннің басты көшесі - Абай даңғылына абаттандыру (асфальттау, бордюрлер мен жүргіншілер жолаяғын салу, декоративтік қоршау орнату, көгалдандыру, жарықтандыру) шаралары жасалды.

Облыс әкімі ірі кампаниялармен өзара ымырашылдық келісімдерге (меморандумдарға) қол жеткізді. Осы тұрғыда «Қазақстан теміржолы» ҰК АҚ қомақты қаржы бөліп теміржол вокзалы мен теміржол саябағын қайтадан жаңғырудан өткізді. «KEGOK» ҰК ықшам ауданда жаңадан кіші саябақ салып берсе, «ASTANA GROUPE» компаниясы балалар мен жасөспірімдерге арналған су бассейні бар спорт кешенін сыйға тартты.

Кешенді жоспар бойынша республикалық бюджеттен қаражат бөлініп кентте жаңадан 180 балаға арналған «Нұршуақ» балабақшасы пайдалануға берілді.

Аталған пилоттық жобадан кейін кентіміз дамуын тоқтатқан емес. Жылдар өткен сайын республика, облыс, аудан бюджеттерінен бөлінген қаражаттар әлеуметтік нысандарға, елді мекендерді абаттандыруға жұмсалуда. Тұрғын үйлер салынып, көптеген көшелерге асфальт төселіп, жарықтандыру шаралары жалғасын табуда. Соңғы кезде 40-50 жылдар бұрын салынған көпқабатты үйлердің шатырлары заманауи тұрғыда қайта өңделіп, ретке келтірілуде.

Бір сөзбен айтқанда, жылдан-жылға көркейіп, гүлденіп келе жатқан Ақадыр кенті биылғы жылы 90 жылдық мерейтойын өткізуге өбден лайық. Оған жоғарыда келтірілген деректер, мәліметтер куә деп санаймын.

**Қ. БЕКҚОЖИН,**  
Қазақстан Журналистер одағының мүшесі.



Кәсібің - нәсібің!

## НЕСІБЕСІН ЕҢБЕКТЕН ТАПҚАН

Адам өз несібесін еңбектен ғана табады. Қолынан келгенін аябайтын әр адамға әркез сый - құрмет көрсетілуі тиіс. Еліміздің Президенті: «Қарапайым еңбек адамына деген құрметті арттырып, ел сүйсініп қарайтындай жағдай жасау қажет» - деп атап өтуі өте орынды. Тынымсыз тірлік етіп жүрген еңбек адамдары үлкен құрметке лайық.

Кентімзед сондай еңбектері жанған адамдар аз емес. Солардың бірі ерлі-зайыпты Дайыровтар отбасы. Кезінде оқу орындарында білім алып, бір-бір мамандықтың иесі болып, мемлекеттік мекемелерде абыроймен жұмыс атқарып, зейнеткерлікке шыққаннан кейін де қол қусырып қарап отырмай өздерінің кәсібін ашып ел арасында зор құрметке ие болып жүргені баршамамызға мәлім.

Отағасы Берік Ермеқұлы Шет ауданының Қайрақты кентінде (ол уақытта рудник) 1952 жылы дүниеге келген. Қайрақты қорғасын-барит кеніші кезінде атағы бүкіл Кеңес Одағына белгілі ірі кәсіпорын болған. Ұлы Отан соғысы жылдары осы кеніштің алған өнімінен оқ-дәрі, басқа да қару-жарақтар дайындап, майдан шебіне жіберіліп отырған. Әкесі Ермеқ Дайырұлы соғыс жылдарынан бұрын Балқаш қаласындағы №1.2 кірпіш зауыттарында партком секретары міндетін атқарған. Соғыс басталысымен Қызыл Армияның Қыыр Шығыстағы резервтік әскеріне аттанады. Әскерде жүргенде взвод командирінің орынбасары, саяси қызметкер, партия хатшысы болады. Басынан аяғына дейін милитаристік Жапониямен соғысқа қатысып, майдан шебінде көрсеткен ерлігі үшін И.Сталиннің Алғыс хатымен, «Жапонияға қарсы соғыста жоғары жауынгерлік көрсеткіштері үшін», «Жапонияға қарсы соғыстағы жеңісі үшін», басқа да жауынгерлік медальдармен марапатталған.

Еліне аман-есен келген соғыс ардагері партия органдарының шешімімен Қайрақты кенішіне комендант қызметіне жіберіледі. Кейін осы жерде учаскелік инспектор қызметінде болады. 1962 жылы 49 жасында қайтыс болады. Анасы Жәмші Шәкенқызы, мамандығы мұғалім, бастауыш сыныптарға сабақ береді. Қайрақтыға көшіп келгенде сатушы болып істейді. Сүйген жарынан ерте айырылған соң, 5 баланы жалғыз өзі аяққа тұрғызып өсіреді.

Берік Ермеқұлы жас кезінен қала типтес кеніштің ішін аралап, салынып жатқан құрылыс нысандарын қарап жүреді екен. Бір жерде кенішке керек қоймалар, басқа жерде тұрғын үй немесе әлеуметтік ғимараттар салынып жатады. Осының бірі жас балаға үлкен қызығушылық туғызып, өскенде құрылысшы болсам деген арманды тудырады. Қайрақты орта мектебін бітірген бетте Қарағанды политехникалық институтының құрылыс факультетіне оқуға түседі. 1975 жылы институтты тәмамдаған жас маман мемлекет жолдамасымен Ақадыр кентіндегі ПМК-1103 (жылжымалы механикаландырылған колонна) мекемесіне жіберіледі. Бас кезінде учаске шебері, кейіннен учаске, техникалық бөлімнің басшысы қызметтерін атқарады.

Құрылыс мекемесінде қызмет еткен жылдары туралы Берік Ермеқұлы: «ПМК мекемесінде қызмет атқарғанда аудан орталығы болған Ақадыр енді

ғана көркейіп келе жатқан. Жаңадан салынатын құрылыс нысандары көп болды. Атап айтса, аудандық Демалыс үйінің асханасын басқарады. Қолда бар сиырларын сауып, балаларының аузынан сүтін, қаймағын, сары майын, ірімшігін, айранын, қатығын арылтпаған.

Балалық шағын Күләш Қабдолқызы былай еске алады: «Мен Бектауата баурайында туғанымды әрдайым мақтан тұтып жүремін. Бала кезім өлі көз алдымда. Бектауатаның табиғаты керемет, оны шөл даланың ортасындағы оазис деуге келеді. Тау шатқалдарында орман-тоғайлар, емдік шипалы сулары бар бұлақтар көп. Көздің жауын алып, алқапта кестеленіп жатқан алқызыл мөлім:

Ұмытпасам, 1990 жылдың маусым айында Шығыс Қазақстан облысында 8 балдық жер сілкінісі болды. Өздеріңіз білетіндей бұл оқиға еліміздің тарихында «Зайсан зілзаласы» атымен қалды. 9 мыңға жуық үйлер құлады, кейбіреулері жермен жексен болды. Республикамыздың әр түкпірінен құрылысшылар сол жаққа көмекке барды. Көппен бірге біздің мекеменің бригадасы қол ұшын беруге аттанды. Он адаммен барған біздерге «Бақасу» кеңшарында 150 шаршы метр құрайтын екіпәтерлі үйді салу керек болды. Айта кету керек, бізбен бірге сол ауылда «Казмедьстрой», «Трибалхашстрой», «Металлургстрой», «Қайрақтыжстрой», басқа жақтың ПМК-ларынан барлығы 30-ға тарта бригадалары болды. Ол дегеніңіз, сонша үйді үйді жаңадан тұрғызу.

Арнайы іс-сапарға барған біздер күнмен, түнмен санаспай еңбек етіп, екі айдың ішінде сапалы үйді салып тастадық. Қатаң қабылдаған мемлекеттік комиссиядан да аман-есен өтіп, салған нысанымызды елдің бәрін бірінші тапсырып, үйге қайттық. Еңбегіміз бағаланып сол кездегі облыстық «Жезказғанская правда» газетіне шығып, республикалық теледидарға түстік-деп сөзін аяқтады.

Берік Ермеқұлы кейін «Казгавводоснабжение» мекемесі бастығының орынбасары болып ауысады. Бұл мекеме Ақадыр, Шет, Ақтоғай аудандарының шалғайда жатқан ауылдарды, қыстақтарды, жазғы жайлауларды сумен қамту шараларымен айналысады. Әрі қарай «Қайрақтыжстрой» тресінде прораб, Ақадыр жол дистанциясында (ПН-16) бас механик қызметінде болады. Осы соңғы мекемеден зейнеткерлікке шығады.

Бекенің өмірлік жұбайы Күләш Қабдолқызы Бектауата баурайында 1955 жылы өмірге келген. Бектауата облысымыздың Ақтоғай ауданында, Балқаш қаласынан солтүстікке қарай 60 шақырым жерде, ұсақ шоқылы - белесті жазықта орналасқан. Таулары солтүстік - шығыстан оңтүстік - батысқа қарай 7 шақырымға созылып жатыр, ені 3 шақырым. Таудың ең биік жері 1213 метр.

Күләш Қабдолқызының әкесі Қабдол Ақыжанұлы байдың немересі болғандықтан Кеңес Үкіметі тарапынан көп қуғын көрген. «Байдың тұқымы» деп Балқаштағы ПЗУ шахталарына қара жұмысқа түсіреді. Ауасы лас, ауқымы тар шахталарда көп уақыт еңбек ету мүмкін емес еді. Ақыры аяғы, өкпеден целикоз науқасына ұшырайды. Әкесі өмірден озғанда отбасының кенжесі Күләш Қабдолқызы небәрі 5 жаста ғана екен.

Балаларды өсіру ауыртпалығын аналары Жетен Мәженқызы көреді. Жазғы айларда ауыл ішіндегі Демалыс үйінің асханасын басқарады. Қолда бар сиырларын сауып, балаларының аузынан сүтін, қаймағын, сары майын, ірімшігін, айранын, қатығын арылтпаған.

Балалық шағын Күләш Қабдолқызы былай еске алады: «Мен Бектауата баурайында туғанымды әрдайым мақтан тұтып жүремін. Бала кезім өлі көз алдымда. Бектауатаның табиғаты керемет, оны шөл даланың ортасындағы оазис деуге келеді. Тау шатқалдарында орман-тоғайлар, емдік шипалы сулары бар бұлақтар көп. Көздің жауын алып, алқапта кестеленіп жатқан алқызыл мөлім:



гүлдерді көргенде қалай шаттанбайсың! Бектауата кереметінің ең күштісі - Әулие тас үңгірі. Осы үңгірге байланысты таудың өзін де қазақ «Әулие-ата» деп атайды. Бектауата дегеннен көрі Әулие сөзін көбірек қолданады. Бала кезімде ол жерде 20-дан астам үйлер болды. Жаз айларында Демалыс үйі үлкендерді, 2 пионер лагерлері оқушыларды, бір балабақша 3 жастан 6 жасқа дейінгі кішкентай бұлдыршндерді қабылдайтын. Жаз бойы ауылымыз көңілді, той-думан, шаттықпен өтетін. Қазіргі кезде біраз жасқа келсем де, туған ауылыма көңілім ауып тұрады. Анамның берген қызыл күрең шайы, пісірген бауырсағы, бал қаймағы, сары майы, қою айраны есімнен ешқашан кеткен емес - деп бір жағынан мақтанышпен, екінші жағынан күрсіне айтып шықты.

Күләш Қабдолқызы бес сыныпты Бектауата ауылында оқып шығады. Әрі қарай Балқаш қаласына барып, №3 мектеп-интернатында оқуын жалғастырады. Мектепті бітірген бетте сол қаладағы медициналық колледжіне оқуға түсіп, жалпы тәжірибе медбикесі мамандығына ие болады.

Колледжді ойдағыдай бітірген маманды жолдамамен Қарағанды қаласының онкологиялық ауруханасына жібереді. Жас маман енді оқу орнында алған білімін тәжірибелік жұмыста қолдана бастайды. Дәрігерлердің, өзінен үлкен әріптестерінің ақыл-кеңесін тыңдап, мамандығының қыр - сырын игере бастайды.

Әрине, жұмыс арасында өзінің қатарымен демалыс орындарына барып жүреді. Сондай бір кештің үстінде политехникалық институтының студенті, болашақ жары Берік Ермеқұлымен танысады.

Әрине, жұмыс арасында өзінің қатарымен демалыс орындарына барып жүреді. Сондай бір кештің үстінде политехникалық институтының студенті, болашақ жары Берік Ермеқұлымен танысады.

Әрине, жұмыс арасында өзінің қатарымен демалыс орындарына барып жүреді. Сондай бір кештің үстінде политехникалық институтының студенті, болашақ жары Берік Ермеқұлымен танысады.

Әрине, жұмыс арасында өзінің қатарымен демалыс орындарына барып жүреді. Сондай бір кештің үстінде политехникалық институтының студенті, болашақ жары Берік Ермеқұлымен танысады.

Әрине, жұмыс арасында өзінің қатарымен демалыс орындарына барып жүреді. Сондай бір кештің үстінде политехникалық институтының студенті, болашақ жары Берік Ермеқұлымен танысады.

Көңілдері жарасқан жұп отбасы құруға бел буады.

Үйлену тойлары өткен соң, жұбайының ата-анасы тұратын Қайрақты кентіне келеді. Сол жердегі ауруханаға медбике болып орналасады. Екі жыл бойы қаладан алған тәжірибесін енді ауылда іске асыра бастайды. 1977 жылы жас жұбайлар Ақадыр кентіне қоныс аударады. Жұбайы құрылыс мекемесінде, өзі аудандық ауруханада жұмыс істей бастайды. Басында хирургия бөлімшесінің мейрбикесі болса, кейін зертханада лаборант болып істейді. Ал енді 1985 жылдан бастап, арнайы курсты оқып келгеннен кейін рентген кабинетінің лаборанты болады. Осы жерден 2000 жылы жеңілдетілген (льготная пенсия) зейнеткерлікке шығады.

Күләш Қабдолқызы зейнеткерлікке шыққанымен аурухананың тамақтанды-

сәті түсіп, бұрынғы «Жазира» қожалығын сатып алады.

Қожалық деп айтылғанымен тек жері ғана болады. Әбден ескірген қора-қопсысы да жаңартуды керек етеді. Мұндай жағдай ерлі - зайыптылар үшін таңсық емес екені анық. Шаруашылықтың құжаттарын реттеп алған соң, бастапқы кезеңде 65 бас асыл тұқымды сиыр мен 100 бас қой малын сатып алады. Иеліктерінде 2 жылқы малы болады. Он жыл бойы малдың басын текке жұмсамай өсірумен айналысады.

Қыстақ басына әрбіреуі 720 шаршы метр құрайтын 3 мал қоралары (баздар) салады. Онымен қоса қазіргі үлгідегі 2 тұрғын үй тұрғызады. Су алуға арналған 2 ұңғыма (скважина) қазылып, күннен электр қуатын беретін панель орнатады. Әрине, бұл жерде тағы да Берік Ермеқұлының құрылысшы болғаны үлкен көмегін тигізгені айтпаса да түсінікті.

Бүгінгі таңда ауданымыздың бір ірі шаруашылығына айналған, марқұм ұлдарының есімімен қойылған «Рауан» шаруа қожалығының иелігінде 250 бас жылқы, 280 бас сиыр, 235 бас қой малы, қаз - тауықтары бар. Техникадан 3 МТЗ-82 тракторлары, тіркемесімен КАМАЗ автокөлігі, бір КУН (стогометатель), 2 шөп тасымалдайтын касета, тырнауыш, шалғылар, «Нива-Патриот» жеңіл автокөлігі, мал қарауға арналған 3 мотоциклдері бар. Шаруа қожалығы сиыр малын Герфорд, қой малын Дегерес тұқымдарымен асылдандырып, мемлекет тарапынан субсидиялар алуға.

Кәсіпкерліктің иелігі Күләш Қабдолқызында болғандықтан, бүкіл сый-сияпат та, құрмет те сол кісінің атында. Еңбек еткен жылдары «ҚР Ауылшаруашылығы саласының Құрметті ардагері» төселгісімен, 2019 жылғы 8 наурыз мерекесіне орай Қарағанды облысы әкімінің Құрмет грамотасы және бағалы сыйлығымен, облыстық Ассамблея Хатшылығы басшысының Алғыс хатымен, Шет ауданы және Ақадыр кенті әкімдерінің Құрмет грамоталарымен, Алғыс хаттарымен, бағалы сыйлықтарымен марапатталған. 2020 жылы Шет ауданы бойынша «Ауыл шаруашылығы саласының үздік маманы», одан кейін Ақадыр кентінің «Үздік кәсіпкер» номинацияларын жеңіп алған.

Берік Ермеқұлы мен Күләш Қабдолқызы 3 бала тәрбиелеп өсірген. Үлкен ұлдары Әнуар Балқаш тау - кен металлургия колледжін бітірген. Қазіргі кезде Қарағанды қаласының орман шаруашылығында орманшы қызметінде. Зайыбы Алма Қазақбайқызы, мамандығы экономист. Екеуінің Біржан, Мейіржан, Бауыржан, Әбілмансұр, Нұрмұхаммед есімді балалары бар. Екінші ұлдары Асқар Целиноград теміржол көлігі колледжін техник - жолшы мамандығы бойынша тәмамдаған. «Рауан» шаруа қожалығын басқарып отыр. Зайыбы Қуаныш Қанатқызы, мұғалім. Саяжан, Ақылжан, Ғалымжан, Айбibi, Айжігіт есімді балаларын тәрбие-леп өсіріп отыр.

Еңбек адамына құрмет қай кезде де ерекше. Олардың орны қай кезде де биікте болуы керек. Ерен еңбегімен ел арасында бедел иесі бола білген, бүгінгі күні асқар тау өке, ардақты ата, асыл ана, мейірімді әже атанған Дайыровтар отбасына сәттілік, дендеріне саулық, әулеттеріне бақ - береке тілейік.

Қалижан БЕКҚОЖА,  
Ақадыр кенті.

## Ақпараттық хабарлама

**Шет аудандық қоғамдық-саяси «Shet shugylyasy» газетінің 2025 жылғы 23 ақпанға тағайындалған Ортау ауылдық округі әкімдігіне кандидаттардың сайлауалды үгіт материалдарын орналастыру үшін жарияланымдар беруінің жалпы шарттары**

**Шет аудандық «Shet shugylyasy» қоғамдық-саяси газеті меншік иесі,** «Қазақстан Республикасындағы сайлау туралы» Қазақстан Республикасының Конституциялық заңына сәйкес, сайлауалды үгіт материалдарын (бұдан әрі - Үгіт материалдары) орналастыру үшін шарттары мен тәртібі, төлем мөлшері туралы хабарлайды.

1) Кандидатпен немесе Кандидаттың уәкілетті өкілі арасында жасалатын жазбаша шарт негізінде жарнаманың болуына және/немесе болмауына қарай, Үгіт материалдарының БАҚ-та жарсылы шығуына дейін күнтізбелік 3 (үш) күн бұрын өзірленеді.

**Үгіт материалдарын орналастыру жолымен жүзеге асырылады:**  
1) Үгіт материалдары қазақ және орыс тілдерінде.

Кандидаттың не болмаса оның уәкілетті өкілінің редакция басшысының атына жазған жазбаша өтініш шарт жасау үшін негіздеме болып табылады.

Үгіт материалдарының саны, жоспарланған күн мен уақыт Кандидаттың не болмаса оның уәкілетті өкілінің жазбаша өтінішінде көрсетіледі, кейіннен олар шарт талаптарымен бекітіледі. Өтініш Кандидаттардың өтініштерін тіркеу журналында, кезектілік тәртібімен, әр жазбаша өтінішке реттік нөмір тағайындау және өтініштің келіп түскен күнін белгілеу жолымен тіркеліледі.

Жазбаша өтінішке мынадай құжаттар қоса берілуі керек:

1) Кандидаттың тіркелгенін растайтын құжаттың көшірмесі;  
2) өтініш берген тұлғаның жеке куәлігінің көшірмесі;  
3) шарт жасау үшін тұлғаның өкілеттігін растайтын құжаттар.

Газетке жарияланым жасау Кандидаттардың Үгіт материалдарын орналастыру кезектілігі жазбаша өтініштердің келіп түсу ретімен не болмаса, егер өтініштер бір уақытта келіп түскен жағдайда, жеребе бойынша белгіленеді.

Үгіт материалдарды сыртқа тасымалдау үшін (қатты диск, флеш карта) беріледі.

Электрондық тасымалдаумен және өтінішпен бірге шартқа қол қоюға уәкілетті тұлғаның қолы қойылған, Үгіт материалдарының мазмұны болып табылатын мәтіннің түсіндірмесі, суреттері Үгіт материалдарында пайдаланылған тұлғалардың жазбаша рұқсаттары, ал олар қайтыс болған жағдайда - мұрагерлерінің жазбаша рұқсаттары, жарнамалық материалдарда көмекетке толмаған балалардың суреттері пайдаланылған жағдайда - ата-аналарының, қам-қоршыларының, жанашырларының жазбаша рұқсаттары беріледі.

Үгіт материалдарында олардың теленуі, қаржыландыру көздері туралы ақпарат болуы тиіс.

Үгіт материалдарын ұсынған Кандидаттар олардың мазмұнының Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарына, соның ішінде авторлық және сабақтас

құқықтар саласындағы заңнамаға сәйкес болуына дербес жауапты болады.

Осы ақпараттық хабарламада көрсетілген тәртіп пен талап бұзылған жағдайда, сондай-ақ, тиісті шарт талаптары бұзылған кезде Үгіт материалдарын шығару жүргізілмейді не болмаса бұзушылық жойылғанға дейін тоқтатылады.

Егер Үгіт материалдарында конституциялық құрылысты күштеп өзгерту, республиканың тұтастығын бұзу, мемлекет қауіпсіздігіне нұқсан келтіру, әлеуметтік, нәсілдік, ұлттық, діни, топтық және

тектік араздықты қоздыру, қатыгездік пен зорлық-зомбылыққа бас ұру, сондай-ақ, заңдарда көзделмеген ескерілгендірілген құрамалар құру идеялары болса, жариялаудан шығарудан бас тартылады.

Үгіт материалдарында басқа да Кандидаттардың арына, намысына немесе іскерлік беделіне зиян келтіруі мүмкін ақпарат болған жағдайда оларды газетке шығарудан бас тартуға құқылы.

## Үгіт материалдарын орналастыру құны және тілі

№	Қызмет атауы	Өлшем бірлігі	Бағасы (теңге)
1	Жарияланым	Шаршы см	250-00 теңге

**Шет аудандық «Shet shugylyasy» қоғамдық-саяси газеті,** Қарағанды облысы, Шет ауданы, Ақсу-Аюлы ауылы, Шортанбай жырау көш, 73, тел 8 (71031) 21142, 50903.

Жазбаша өтініштер факсимильдік және Интернет байланыс арқылы қабылданбайды.

Шет аудандық қоғамдық-саяси «Shet shugylyasy» газеті.

## Ұлы тұлғалар

## ШОҚАН - АЛАШТЫҢ ЖАРЫҚ ЖҮЛДЫЗЫ

(Соңы. Басы өткені санда).

Шоқан Уәлиханов өзінің «Қазақ шежіресі» деген өңгілі еңбегінде: «Қазақтардың әрбір ру басылары өз ру-тайпасының шежіресін - шыққан тегін, елдің әдет-ғұрып заңдарын, ескі жарлықтарын, халықтың басынан өткен тарихи жайларды көп жасаған ақсақалдардан иждаһатпен үйреніп, өзінің шешендік өнерін шындауда көптеген аңыз-өңгімелерді, мақал-мәтелдерді, маңызды оқиғаларға қатысты ұлағатты асыл сөздерді ұзақ уақыт жаттайды. Сондай дайындығы бар билердің аузынан шыққан сөздерді халық ұйып тыңдайды, ол нақты сөздердің мәні өмірдің бар саласын қамтитындай өсиет-өнерге, тәлім-тәрбиелік, патриоттық мазмұнда болып келеді», - деп, сол кездегі ел басқарған тұлғалар тек рубасы ғана емес, ол бүкіл халықтың құрметке ие болған би болғанын дәлелдейді.

Шоқан Абылай ханға арналған зерттеу еңбегінде XVIII ғасырды «Века казахского рыцарства» деп атайды. Қазақ хандығы Еуразияда бірнеше мың жыл үстемдік еткен көшпелі өркениеттің, мәдениеттің, далалық демократиялық мемлекеттің соңғы үлгісі еді. Ресей патшасының отарлау саясатынан кейін, XIX ғасырдың басында ол да аяқталды.

Абылай хан секілді сол кездегі батырлар да, билер мен шешендерде, ата-бабаларымыз негізін қалаған далалық демократияның көрнекті өкілдері болып табылады.

Тәуелсіздік халқымызға аспаннан түскен құдіреттің сыйы емес. Ол ғасырларға созылған ата-баба қанды жорығының, дабылды-дауылды күресінің заңды жалғасы. Жатса түсінен, тұрса есінен бір сөт кетпеген бабалардың ғасырлық арманы. Жүрекерін бағпандаған мұң, қатпарлаған қасірет тоң болып қатып, шер болып басып жатпады ма?!

Қаншама елдің ардагер перзенттері осы тәуелсіздіктің өзі емес, тек сәулесі үшін қанын төкті, жанын пидә етті десенші! Тәуелсіздік емес-ау, сол Ресей империясының құрамды бөлігі - территориялық автономия алудың өзіне қанағат еткен бір ғана алаштың реформаторлар ұрпағының тағдыры не болды?

Тереңнен ойлап, тебірене толғансаң - халқымыздың барша тарихы осы тәуелсіздік үшін, елдік үшін, халықтың бас бостандығы үшін күрес.

Қазақ жері - Отанымыз. Ал халқымыз Ресейге тәуелді болған шақта, ол өгей Отанға ие болды, тоқалдан туған баладай, «Ұлы ұлттың», «Кіші ұлттың» деген кеңестік принциппен өмір сүрдік. Жатқа бағындық, неше түрлі өгей әкеге табындық. Сөйтіп мөңгүрт болып, ғасырлар бойы бас еркіндігінен айырылып, қанатымыз қайырылды.

Ресей өкіметінің өкімшілік және сот ісін қайта құру шараларын Ш.Уәлиханов сол кезде Орталық Қазақстанда орналасқан дуандардың орталықтарында болып, осы дуандарға жататын болыстардың жер қонысын белгілеп, қыс-қыстағы, жаз жайлауларының атын, әдет-ғұрып, салт-дәстүрлерін жан-жақты зерттеп, былай деп жазды: «Соңғы кезде біздің өкімшілік және сот ісін қайта құрумен жіті айналысып, халық ағарту ісіне де ерекше назар аударды.

Россия тумаларының ішінде байырғы орыс тұрғындарының өмір тірлігіне қарама-қарсы тіршілік ететін, әдет-ғұрып, әрсі славян тайпасының әдет-ғұрыптан өзгеше, кереғар ке-

летін діні, тегі өзге халықтар аз емес. Бұл жәйтке жүгінгенде, жоғарыда келтірілген себептерді ескергенде христиандарға, отырықшы орыс тұрғындарына арналып жобаланған өкімшілік өзгеріс, егер Россияның Европалық, Азиялық бөлігінде көшіп-қонып жүрген бұратана халықты басқаруға бүтіндей қолданылса, онда мұндай өзгерістен ешқандай да пайда келуі былай тұрсын, нағыз тұрпайылық болар еді...

Азаматтық дамудан қалтқысыз үміткер адамдардың өздерін орыстармен отандас бауыр санап, орыстың қол астында өз еркімен қосылған миллиондаған адамдардың тағдыры меніңше үлкен қамқорлықты қажет етері даусыз, яғни мұндай үзілді-кесілді мәселеде Шекспирдің не өлім, не тірлік деген ойы туады. Мешеулігіне байланысты өзі-өзі қорғау жолын дұрыс игере білмей, енжарлық, селкостық ұялауы патша үкіметі тарапынан біздерге аса серектікпен, өте сақтықпен қарауды қажет етеді... Сібір қазақтарының облысындағы сот реформасы жайындағы біздің жұмысымыздың жоғарыда келтірілген деректеріне қарап, жалпы халықтың қалың көпшілігі, билер сотының ежелгі тәртібінде қалуын қалаған, ал шенді, мәнсапты, ауқатты қазақтар керісінше, билер сотына сол негізде өзгеріс енгізу жағында болғанын аңғарылады... Комитет бұл пікірлерге қарап, беделді ордалықтардың айтуымен жасалған сот реформасымен, билер сотын қайта құру ережесі бүгінгі қазақ хал-қының әлеуметтік өсу жолын толық қанағаттандыра алмайтыны байқалды, ал өзімізге келсек бұл іске тікелей араласып, өз көзімізбен көргендіктен бұл пікірлердің қасқұнемдік пен балаң ниетті, бір жағынан селкостық пен енжарлықты, енді бір қырынан білімсіздік пен тағылықты аңғардық».

Ш.Уәлиханов: «Қазақтарда құрметті би атағы халық тарапынан қандай да сайлау жолымен немесе халықты билеп отырған өкіметтің бекітумен емес, тек сот рәсімін терең білетін, оған қоса шешендік өнерін меңгерген қазаққа ғана берілген. Би атану үшін қазақ халық алдында әлденеше шешендік сайысқа түсіп, өзінің заң-жораны білетіндігін, шешендігін танытатын болған. Мұндай адамдардың есімі желдей есіп, әлейім жұртқа таралып, біріне емес, бөріне танылған. Сөйтіп би атағы сот пен адвокаттық істегі патентке Европадағы ақындар, ғалымдар, адвокаттар сияқты билердің де маңызы жеке беделге негізделген. Шекспир мен Гетені әлейім халық ұлы ақын санайды, бірақ олардың ұлылығы туралы пікір үкіметтің декретімен немесе хат сайлауына сәйкес негізделмеген. Халық қалағанда ғана би билік жүргізе алады. Билер тек оған жеке адамдардың билікке жүгінгенде ғана іс қарауға кіріседі және өз шешімінің орындауына қатыспайды. Өз ұйғарымымен іс бастау қазақ биіне қолайсыздық туғызады. Мұндай право қазақ биін сотқа, полицей тыңшысына айналдырып, олар «би ақыны» көбірек алу үшін жұрттың қытығына тигіш, тым міншіл қазымыр болса, ал би шешімін орындауға қатысу белгілі жағдайда олардың қолына билік те береді. Соның салдарынан ол адал жеке сот практикантынан полицейдің тыңшысына айналып кетер еді. Осындай жалған жағдайда соттың негізгі мақсатына тікелей қайшы келеді», -

деп елдің арасынан шығып, халық беделіне ие болып би атанған Қаздауысты Қазыбек сияқты шешен билердің бұрынғы өткен билердің жақсы дәстүрін жалғастырушылар екенін түйіндейді.

Міне, аталарымыздың, қол бастайтын батыр болу да қымбат, жол бастайтын көсем болу да қымбат, бөрінен де ел тағдырын шешетін шешен болу қымбат деген сөзі шындық. Халықтан шыққан би-батырлар: жауды алмас қылышпен де көндіруге болады, өткір сөзбен де көндіруге болады, мылтықпен дәлдеп атып жығуға да болады, сөзбен дәлдеп айтып жығуға болады деген принципті көп жыл бойы берік ұстаған.

Бұдан кейінгі жылдары тәуелсіздік үшін болған азаттық көтерілістер де нақ осыны айғақтайды. Халықты орыс отаршыларына қарсы бастап шыққан халық батырлары: Сырым, Исатай, Махамбет, Жанқожа, Таймас, Есет, Ағыбай тағы да басқа батырлар. Демек, сыртқы жаулармен болған ірі қақтығыстар кезінде өздерінің ержүректігімен көзге түскен ерлерді «батыр» деп атаған. Қазақ халқы өздерінің қаһармандық қиссаларында жыр етіп, батырлардың бейнелерін ғасырлар бойы қастерлеп келді. Батырлар белгілі бір билеуші әлеуметтік таптардың мүддесі емес, олар қай уақытта болса да халықтың қорғаушысы болған. Сондықтан, олар өздеріне бағынышты руларда толық билік жүргізді. Олар салық жинады, айыпты болған тумааластарын жазалады, басқа қазақ руларымен келіссөз жүргізді. Сол кездегі қазақ қауымындағы жоғарғы орган - Хан кеңесінің басын көпшілігі батырлар болып, елеулі ықпалға ие болды. Хан сайлауынан бастап, барлық мемлекеттік шешімдер, тек батырлардың қолдауымен ғана іске асырылып отырды. Сөйтіп, батырлар көп жылдық тарихы бар Қазақ мемлекетінің даму барысы мен қоғамдық өмірінде жетекші тұлғалар болды.

Бұл туралы ғалым Шоқан былай деп жазған болатын: «Батыр - қазақтарда ру басы сұлтаннан кейінгі ең маңызды, әрі көрнекті тұлға. Ол - ең беделді адам, оның ақыл-кеңесімен халық әрқашан есептесіп отырған».

Ш.Уәлиханов өзінің еңбегінде: «Біз барымтаны қазақтың өз ұғымымен түсіндіріп көрейік. Қазақта барымтаға кейде заң жүзінде рұқсат етіледі. Ұрлыққа, тонауға, мал айдап кеткенге айып төленеді, ал барымтаға ештеңе төленбейді. Барымта дегеніміз - қайтарылатын қалың мал, төленетін құн үшін, құныкер адамның малын, немесе затын, жалпы өзгенің жеке меншігін тартып алу. Ертеде былай да болғанды, күшті рулы қазақ өзінен әлсіз қазаққа кісі өлімі үшін, құн немесе тіл тигізіп қорлағаны үшін айып төлемеген, кісі өлтіріп құныкер баста тұра немесе кешірілмес қастық жасай отырып, сотқа шақырғанда келмегенде. Сонда ру мәжілісінің ұйғарымы бойынша, қорланған, зәбірленген адам барымта алуға аттанып, ауылын шауып, менменсіген өр көкіректі бас иідіреді. Екі жақ келісімге келгеннен соң, ешқандай айыпсыз, барымталанған малының шырқы бұзылмай қайтарылады...», - деп тұжырымдайды.

Халық арасындағы кең тараған, 1862 жылғы Атбасар дуаны бойынша аға сұлтан-дыққа сайлауға түскен Шоқан Уәлихановты Найман елінің Бағаналы руының болысы Ер-

ден Сандыбаевтың (1808-1862) жеңіп шыққаны туралы жаңсақ мағлұмат бар, ал шындығында Шоқан сайлауда басым дауыспен жеңіп тұрса да, өзінің денсаулығына байланысты аға сұлтандықтан бас тартады да, осы себеппен Ерден аға сұлтан болып тағайындалады. Омбыдағы мемлекеттік архивтегі мына құжат соның дәлелі (Мем. Архив, 374 қор, 1-тізбе, №389 іс), 1862 жылдың 10-шы қарашасында Батыс Сібір генерал-губернаторы А.И.Дюгамель қол қойған №54 санды бұйрығының мазмұны мынадай: «...О переманнах по службе. Приказ генерал-губернатора Западной Сибири. 10 ноября 1862 года №54 по области Сибирских киргизов. Утверждаются в должности: По избранию Атбасарского округа, хорунжий Ерден Сандыбаев - старшим султаном того округа, вместо штабс-ротмистра Чокана Валиханова, избранного на эту должность большинством голосов, но отказавшегося от принятия оной за болезнью, и султан Кочек Джадаев - кандидатом старшего султана, оба на 3-х лете с 1862 года...». Алайда, Ерден Сандыбаев аға сұлтандық қызметке кіріспестен, аяқ астынан ауырып, кенеттен қайтыс болып кетеді.

Шоқанның өзі осы аға сұлтандыққа сайлау туралы 1862 жылдың 15 қазанында дүние жүзіне белгілі жазушы, досы Ф.М.Достоевскийге жазған хатында былай дейді: «... Мен сұлтан болсам деп ойлап едім, ондағы ойым өз еліме қызмет етіп, оларды шенеуніктер мен бай қырғыздардың қатал қысымынан қорғау еді. Әсіресе, өз қызметімді үлгі етіп, оқымысты сұлтанның қандай пайдасы барлығын жерлестеріме көрсетпек едім. Осы арқылы орыс шенеуніктерінің қылықтарына қарап, орыс тәрбиесі жөнінде теріс түсінік алған қырғыздар, шын оқымысты адам мен жай шенеуніктің нарқы бір емес екендігін білген болар еді. Сол мақсатпен мен Атбасар округінде аға сұлтан болып сайлануға риза болған едім, бірақ сайлау шенеуніктердің түрліше қулықтарын аттап өте алмады. Болысты төңіректен ұлықсымақ мырзалар пен приказнылар маған түгелімен қарсы болды. Неге өйткенін білесіз бе? Мен аға сұлтан болсам, болыс өкімдері аға сұлтаннан алатын мыңдаған ақшасынан айырылар еді. Байқайсың ба, бұл шенеуніктер үшін «болу не болмау» сияқты нәрсе. Шенеуніктер байлар мен баққұмар қырғыздарды маған өшіктіріп, Уәлиханов сұлтан болса, сендерге сор болады, ол тендік деген ұғымды ұстаған адам, сондықтан сендерді руға, байлыққа қарап бағаламайды, бір туған қырғыз деген ағайыншылықтан айырыласындар деп қорқытты және оларға мені Құдайға сенбейді, Мұхамедке өш деп өсек таратты. Әлбетте, бұл секілді әрекеттер шала, тағы, өз әдет-ғұрыпына берілген халыққа әсер етпей қалмайтындығы түсінікті. Әсіресе, бұл өсектерді таратқан орыс майорлары (қырғыздар орыс шенеуніктерін түгел майор деп атайды) болғандықтан, өсері тым күшті. Менің жерлестерім, өзіне мәлім, мүмкін Шығыстың сыпайылық салты бойынша болар, әрқашанда орыстардың құсқауына құлақ асады...». Шоқан сол жылы досы Ф.М.Достоевскийге тағы бар хатында: «Нашар денсаулығына байланысты Петербург-ге түпкілікті тұруға болмайтындығынан, Қашқардағы консулдық орнын алғысы келетінін», жазған.

«Қазақтар туралы, олар көне түрік әлемінің бүкіл соларға тән әдет-ғұрыпмен, ойын-тойымен, тарихи жырлардың орасан зор қорымен, әр заманда өмір сүрген ақындардың өлеңдерімен, музыка мен ойын-сауыққа әуестігімен, құқықтық ел ұрпақтарының үлкен кодекстерімен жазба - билік жолымен сақталып қалған қазынасы деп кесіп-пішіп айтуға болады», - деп Шоқан Уәлиханов қазақ ауыз әдебиетінің құндылығы туралы ойын тұжырымдаған.

1864 жылы Омбы қаласында Сібір қазақтарының Шекаралық басқармасында жауапты қызмет атқарған Шоқан қазақ заңдарының жинағын құрастыруға қатысып, Ресей патшасының өкімшілік және сот реформаларын қатты сынға алып «Сот реформасы жайында хат» деген еңбегінде: «Реформа жөніндегі мәселе терең ойды, байыпты тұжырымды қажет етеді, өйткені халықтың «өмір сүруі, сүрмеуі» соған байланысты.

Ресей Империясының құрамына еніп отырған барлық бұратана тайпалардың ішінде халқының санының көптігінен, байлығы жөнінен біз бірінші орын аламыз. Меніңше алдағы өркендеу де бізге - қазақтардың үлесіне тиеді», - деп көрегендігімен тұжырымдаған.

Міне, 150 жыл бұрын ғұлама Шоқанның небәрі 29 жасында айтып кеткен сәуегейлік сөзі толығымен іске асып, Тәуелсіз Қазақстан жасампаздықтың отыз жылы ішінде мол табысқа қол жеткізіп, әлемдік қоғамдастықта демократиялық, зайырлы және алдыңғы қатарлы дамыған мемлекет ретінде танылды. Осы жылдары Қазақстан сыртқы және ішкі саясатта болсын, экономикада болсын, әлеуметтік салада болсын өзгелерге үлгі болатындай дәрежеде алға дамыды. Ел, қоғам өзгерді, заманға деген, келешекке деген көзқарас өзгерді, жана ой, сана-сезім қалыптасты. Еліміз дүниежүзі қауымдастығы алдында алды-артын ойлай білетін, келешегін болжай білетін, әлемдегі болып жатқан әртүрлі құбылыстарды талдай білетін, құнды идеялар мен алдыңғы қатарлы ұсыныстарды қолдай білетін, өз шекарасы бар, өзінің бет-бейнесі, ұстанымы, экономикалық үлгісі, саяси бағыты бар, қиын кезеңдерге қор жинаған, әлем елдері мойындаған, ұлтаралық достығы мен саяси тұрақтылығы берік орнаған мемлекет болып мойындалды.

Қазақ елінің толерантты мінезі Алтын Ордан қалған қасиеттің бірі болса керек. Міне, осы себепке байланысты да Шоқан кезінде: «Қазақтар өздерін Алтын Орданың ұрпақтары ретінде есептейді», - деп жазған болатын. Осы Шоқанның 150 жыл бұрын айтып кеткен тұжырымын, таяуда ешкімнен тайсалмай, шындықты бетке айтатын Беларусь Республикасының басшысы Александр Лукашенко: «Алтын Орданың мұрагерлері қазақтар, сондықтан олар бүкіл Ресей мен Шығыс Еуропаның жерінің иесіміз деп айта алады», - деп дүние жүзіне жария етті.

Қазақ елі енді жаңа да тың серпіліске, әлем өркениетінің жоғарғы белесіне, жаһандану кезеңінде кез келген қауіп-қатерге төтеп бере алатын әлемнің дамыған 30 елі қатарына енгізе батыл қадам жасайды.

**Ж.ШӨЖЕНОВ,**  
Қазақстан Журналистер одағының мүшесі.



Көне жәдігер ізімен

## СЫР САҚТАҒАН ЖӘДІГЕРЛЕР

Мұражай - тарих айнасы. Ол тек оқушыларды өз өлкесін танып-білуге ғана емес, көне жәдігерлердің сырларына үніліп, өздеріне қажетті керегіне жаратуына жол ашады. Сыныптан тыс жұмыстарға да пайдасы зор. Тек оқулықпен шектелмей, оқушылардың ізденулеріне ықпал етеді. Бір сөзбен айтқанда, мектеп музейінің жас ұрпақтың рухани жаңғыруына көмегі зор.

Мұражай заттық және рухани құндылықтарды танытуда, ғылыми тұрғыда зерттеп, оның нәтижелерін насихаттауда, осы негізде тәлім-тәрбие беруде маңызды рөл атқарады. Мұражай ғылымның, білімнің, мәдениеттің қалыптасуына ықпал ететін маңызы зор рухани нәр алатын орын ретінде өскелең ұрпақтың тәрбиесіне, тарихи сананың қалыптасуына ықпал етеді. Кенес дәуірінде пайдаланған заттар талай сырды шертіп берері хақ.

Солардың бірі бүгінде мектебіміздің мұражайынан орын алған көне жәдігер осы бір қақпандар көзіме оттай басылып, балалық шағымның ыстық лебін есіп, әкеге деген сағыныштан ба қолыма қалам алғызды. Әкем қансонар боларын біліп, ерте тұрып дала аңдарына қақпанын құрып гастайтын. Малдан қайтар уақытта қанжығасы майланбай келмеуші еді-ау!... Ат үстінде аппақ қарды боратып келе жататын әкемнің бейнесі күні кеше болғандай көз алдыма келіп тұрады. Төргі бөлмедегі анамның алтын қолынан



сырылып тігілген сырмақ-текеметтің үстіңгі жағынан орын алған аң терісі, анамның нәзіктігін қорғап тұрған қарулы күш дерсін. Бір-бірінің үйлесімін тапқан жарқын көрініс.

Әкем қақпанға түскен аң терісін тазартып алып кептіріп, айранмен бүркіп, қызыл кірпішпен ысқылап отырып жұмсартып, созып алады да, жіңішке әрі жеңіл, өткір бөкісімен анамның пішіп дайындап берген үлгісіне салып, түп-түзу етіп кесіп береді. Ал, анам болса нәзік те шебер саусақтарымен тымақ, ішік тігіп отыратын. Бүгінгі таңда әкем мен анамнан тараған ұл-қыздар ұядан ұшып қияға қондық. Әкемнің ұстаған, саусағының ізі қалған жүген, қамшы және осы қақпандары мен қызмет ететін білім ордасы мұражайында «Сейтқали Әбдікерұлы «Айғыржал ауылының XX ғасыр тумасы

«Қақпан - темірден жасалатын аңшылық құралы. Еркіндік ЖББМ мұражайындағы жәдігер» деген атаумен тұр. Әкемнен қалған осынау көне жәдігерге ойлана ұзақ қадала қарап тұрып, көз жасыма да ерік беріп алдым.

Музей төрінде тұрған әр көне жәдігер өткен тарихымыздан сыр шертеді. Мұражайымыз осындай құнды жәдігерлерімен толыға берсе екен деген ниеттеміз. Себебі, олар жас өркенге ауылымыздың шежіресін жеткізіп, рухани баюға, ұлтжандылыққа тәрбиелейді. Тарихи жәдігерлеріміз маңызын жоғалтпасын десек, мұражай төрінен орын берейік және ұлықтап жүрейік.

**Света АБДИКЕРОВА,**  
**Еркіндік ЖББ мектебінің**  
**мұғалімі.**  
**Еркіндік ауылы.**

Ұлттық құндылық

## “ӘЖЕЛЕР МЕКТЕБІ” - БАЛА ТӘРБИЕСІНДЕГІ ОЗЫҚ ҮЛГІ

Адамның адами болмысы мен асыл қасиеттері отбасында қалыптасады. Отбасында алған үлгі-өнеге, тәлім-тәрбие арқылы ғана еліне, жеріне, Отанға деген сүйіспеншілік сезім орнатылады. Ал отбасындағы басты құндылық ұлттық тәрбие деуге болады. Сол ұлттық тәрбиенің дөнін себуші жандардың бірі-әжелер екені даусыз. Бала тәрбиесіндегі қазақтың бір озық үлгісі - әже мектебі еді. Әже өнегесі-ғасырлар бойы ұрпақтан - ұрпаққа жалғасып келе жатқан ұлы құндылық, тәрбиенің қайнар көзі. Баланың бойындағы асыл қасиеттерді отбасында өта-әжесі қалыптастырған. Әже тәрбиесі арқылы бала жақсы мен жаманды ажыратып, үлкенге құрмет, кішіге ізет көрсетуді үйренеді. Әже

мектебін көргендігін осы мінездерден тануға болады. Ата мен әжелер тәрбиелеген баланың алдымен тілі тез шығады, өйткені олар немересімен үлкенше сөйлеседі. Сондықтан мұндай балалар сөз қадірін түсінеді. Бала үнемі сол кісілермен бірге жүріп, олардың шежірелі әңгімелерін, тарихи ән-жырларын тыңдап өседі. Әжеден тәлім алып, тарихта есімі қалған ұлылар да аз емес. Зере әжесінен зерделі аңыз әңгімелерін тыңдап өскен бала Абай дана Абайға айналады. Ендеше, әжелердің өнегелі өмірін үлгі ете отырып, балаларды өмірге үйрету, балаларды қазақтың салт-дәстүрін дөріптеуге, туған жерін, елін сүйюге, үлкенге құрмет, кішіге ізет көрсете білетін тұлға етіп

тәрбиелеу осы әжелер мектебінің басты мәселесі болып табылады.

Қазақстанда білім беру жүйесінде этнопедагогика маңызды рөлге ие бола бастады. Ұлттық құндылықтарды оқушыларға жеткізу мақсатында мектеп бағдарламасына ұлттық тарих, әдебиет және мәдениет пәндері енгізіліп келеді. Әжелер мектебі де этнопедагогикада маңызды орынға ие, себебі қазақ халқының тәрбие құндылықтары осы институт арқылы ұрпақтан ұрпаққа жеткізілген.

**Айнагүл БАЙТӨЛЕУОВА,**  
**Ж.Ақылбаев атындағы**  
**мектеп-гимназиясының**  
**бастауыш сынып мұғалімі.**

Республикалық турнир

## ҰСТАЗДАР БАҚ СЫНАСТЫ

Республикалық «Спорт жұлдыздары» ғылыми - әдістемелік, спорттық-патриоттық журналы ҚР Қорғаныс министрлігі, ҚР Асық ату және Тоғызқұмалақ спорты

бірлестігінің Шет аудандық комитеті филиалының қолдауымен Ә.Ермеков атындағы орта мектептің денешынықтыру мұғалімі Каракөклов Мұхтар Тақанұлы қатысып,



федерацияларының қолдауымен 25-26 қаңтар күндері Шымкент қаласында жалпы ұстаздар арасында асық ату, тоғызқұмалақ, үстел теннисі спорттары мен пневматикалық атудан республикалық турнир өткізілді. Турнирге республикамыздың әр мектептерінен жиналған денешынықтыру пәндерінің ұстаздары қатысып, өзара бақ сынысқан болатын.

Осы сайысқа «Қазақстандық оқу-ағарту, ғылым және жоғарғы білім қызметкерлерінің салалық кәсіптік одағының Қарағанды облыстық ұйымы» қоғамдық

тоғызқұмалақ ойынынан жұлделі бірінші орынды және үстел теннисі ойынынан үшінші орынды иеленді. Жеңімпаз ұстазымызға алдағы уақытта да жаңа белестерді бағындырып, еліміздің намысын әлемдік деңгейде асқақтата беріңіз деген тілек айтамыз.

**Білім қызметкерлерінің**  
**салалық кәсіптік одағының**  
**Қарағанды облыстық**  
**ұйымы» қоғамдық**  
**бірлестігінің Шет аудандық**  
**комитеті филиалы.**

## БАННЕР БАСЫП ШЫҒАРУҒА ТАПСЫРЫСТАР ҚАБЫЛДАЙМЫЗ!



Шет аудандық «Шет шұғыласы» газетінің редакциясында әр түрлі көлемде әдемі дизайнмен дүкендерге, басқа да сауда орындарына, тойға, көшелерге баннер басып шығаруға тапсырыстар қабылдаймыз. Бізде тәжірибесі бар маман жұмыс жасайды.

**Тапсырыс берем деушілер болса редакцияның 8 (71031) 21142 телефонына немесе бас бухгалтер Айгүлдің 8 705 978 7875, баспагер Мейрамбектің 8 707 991 6398 ұялы телефонына хабарласуға болады.**